

ГЕЙМИФИКАЦИЯ АРҚЫЛЫ МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ КӨШБАСШЫЛЫҚ ҚАСИЕТТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

*Метербаева К.М.¹

¹ҚазҰҚызПУ, Алматы, Қазақстан

Андатпа. Бұл мақалада баланың дамуы мен тәрбиесі үдерісінде маңызды рөл атқаратын геймификацияның бала дамуындағы орны қарастырылады. Қазіргі заман талабына сәйкес еліміздің одан әрі дамуын қамтамасыз ету үшін қоғамдағы заманауи қарым-қатынас процестерін басқаруға дайын, көшбасшылық қабілеттерге ие жастарды тәрбиелеу қажеттілігі айқындалуда.

Мемлекеттік деңгейде қабылданған бірқатар құжаттар жас ұрпақтың көшбасшылық қасиеттерінің маңыздылығын көрсетеді. Қазақстан Республикасында білім беру және ғылымды дамытудың 2022-2026 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында ұйымдастырушылық қабілеті жоғары, көшбасшылық қасиеттерге ие белсенді жастарды даярлау қажеттілігі атап өтілген.

Мектепке дейінгі кезең – тұлғаның көшбасшылық қасиеттерін дамытуға ең қолайлы, сезімтал кезең. Бұл уақытта баланың тұлғалық негізі қаланып, түрлі іс-шараларға қызығушылық артады, өзін-өзі тану және басқалармен қарым-қатынас жасау қабілеттері дамиды. Көшбасшылық феномені қазіргі қоғам үшін аса өзекті, сондықтан ол әлеуметтанушылардың, психологтардың және саясаттанушылардың назарын аударуда.

Көшбасшы және көшбасшылық ұғымдарына теориялық талдау жасалып, педагогикалық шарттары айқындалды. Сонымен қатар көшбасшылардың ерекше сипаттары анықталып, олар атқарушы, ұйымдастырушы, интеллектуал, сыншы сияқты топтарға жіктелді. Көшбасшылық стильдері де сараланып, харизматик, демократ, диктатор, анархист және т.б. үлгілері жүйеленді.

Балалардың көшбасшылық қасиеттерін қалыптастыру мүмкіндіктері, сондай-ақ олардың әлеуметтік-эмоционалдық және шығармашылық дағдыларын дамыту деңгейлері зерттелді. Осыған байланысты, қазіргі уақытта өсіп келе жатқан балалардың белсенді тұлғасын қалыптастыруда және көшбасшылық қасиеттерін дамытуда геймификация әдістерінің өзектілігі анықталды.

Геймификация әдістері арқылы балада қалыптасатын көшбасшылық қасиеттерге ұйымдастырушылық қабілеттер, дербестік, жауапкершілік, ұжымдық және командалық жұмыс дағдылары жатады. Негізгі назар геймификацияның рөлдік, квест, қимылды және басқа да түрлеріне аударылып, олардың тәжірибедегі нәтижелері талданды.

Зерттеу жұмысы мектепке дейінгі мекемедегі ересектер тобында жүргізілді, оған 30 бала қатысты. Зерттеу нәтижесінде геймификация әдісін қолдану арқылы балалардың көшбасшылық қасиеттерінің қалыптасу және даму деңгейлері анықталып, жан-жақты талдау жасалды.

Тірек сөздер: көшбасшы, көшбасшылық, көшбасшылық қасиет, көшбасшылық феномені, геймификация, геймификация іс-әрекеті, геймификация әдісі, мектепке дейінгі ұйым

Кіріспе

Зерттеу жұмысының негізгі мақсаты – баланың жан-жақты дамуына ықпал ету және мектепке дейінгі ұйымдарда оқу-тәрбие үдерісінде көшбасшылық қасиеттерін қалыптастырудың тиімді жолдарын қарастыру. Мектепке дейінгі кезеңде балалардың басты іс-әрекеті – ойын болып саналады. Сондықтан геймификация әдісін пайдалана отырып, мектеп жасына

дейінгі балалардың көшбасшылық дағдыларын дамыту басты назарға алынды. Бұл әдіс балалардың шығармашылық және танымдық қабілеттерін дамытуға бағытталған ойын түрлерін қамтиды.

Қазіргі замандағы өзгерістер мен жаңашылдықтарды тиімді басқару көшбасшылардың қолында екені анық. Ел дамуы үшін қоғамдағы заманауи қарым-қатынастарды үйлестіріп, инновациялық үдерістерді меңгере алатын, шешім қабылдауға қабілетті белсенді тұлғаларды тәрбиелеу аса маңызды. Сол себепті өсіп келе жатқан балалардың көшбасшылық қасиеттерін қалыптастыру бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі болып табылады. Бұл тұрғыда ойын іс-әрекетінің рөлдік, қимыл-қозғалыс, квест сынды түрлері арқылы балалардың логикалық ойлау, салыстыру, қорытынды шығару, жауапкершілік, командада жұмыс істеу сияқты қасиеттерін дамытуға басымдық беріледі.

Қазіргі қоғамда көшбасшылық феномені ерекше мәнге ие, бұл мәселе педагогика, психология, әлеуметтану салаларында кеңінен зерттелуде. Мектепке дейінгі балалар арасындағы көшбасшылық – бұл сыртқы ортаны өзгертуге, басқалардың әрекетін үйлестіруге, ұйымдастыруға қабілетті белсенді тұлғаны тәрбиелеу. Мұндай қабілеттерді дамытуда ойын ерекше құрал болып табылады. Ойындар арқылы балалар әлемді түсініп, өз қабілеттерін шыңдай алады. Көшбасшы рөлін атқару балалардың белсенділігін арттырып, олардың құрдастарымен өзара әрекеттесу дағдыларын жетілдіреді.

Ғылыми әдебиеттерді талдау нәтижесінде мектепке дейінгі жастағы балалардың көшбасшылық қасиеттерін анықтау және дамыту мәселесінің жеткіліксіз зерттелгені байқалады. Қазіргі уақытта балалардың рөлдік ойындардағы өзара қарым-қатынасы және құрдастарымен байланыс орнату ерекшеліктері толықтай зерттелмеген. Сондықтан геймификация әдісін қолдана отырып, мектепке дейінгі балалардың көшбасшылық қасиеттерін қалыптастырудың маңыздылығы айқындалады.

Осы зерттеудің мақсаты – ойын іс-әрекеті барысында балалардың көшбасшылық қасиеттерін қалыптастыру мен дамытуды қамтамасыз ететін педагогикалық шарттарды анықтау және оларды теориялық әрі тәжірибелік тұрғыда негіздеу.

Материалдар мен әдістер

Мектеп жасына дейінгі баланың негізгі іс-әрекеті ретінде ойын әрдайым тартымды болып, балаға өз қалауларын іске асыруға мүмкіндік береді. Осы арқылы бала өзіне және өзгелерге бұрын байқалмаған қасиеттерін, жаңа қабілеттерін ашады. Геймификация – қазіргі уақытта белгілі бір дағдыларды қалыптастырудың ең жас және тиімді әдістерінің бірі болып табылады. Бұл әдіс gamification (ойын механикасын қолдану) деп те аталады және ойын элементтерін ойыннан тыс контексттерде мақсаттарға жету үшін пайдалануды білдіреді. Мектепке дейінгі ұйымдарда геймификация тек дайын ойындарды қолдануды емес, сонымен бірге бүкіл оқу-тәрбие үдерісін ойынға айналдыруды көздейді. Бұл әдіс арқылы балаларды ынталандыру үшін бейдждер, марапаттар, деңгейлер, ұпайлар, көшбасшылар тақталары,

жарыстар және басқа да ойын элементтері қолданылады. Демек, ойын арқылы балалардың көшбасшылық қасиеттерін дамыту – ең тиімді жолдардың бірі.

Көшбасшы және көшбасшылық ұғымдарының философиялық мәнін Х.А. Бердяев, И.Т. Фролов, Н.А. Нысанбаев, Ж.Ж. Молдабеков сияқты ғалымдар қарастырған. Ал көшбасшылықтың әлеуметтік-психологиялық аспектілері мен типологиясын зерттеген И.П. Волкова, С.А. Багрецов, Ұ.М. Әбдіғаппарова сынды зерттеушілердің еңбектері біздің жұмысымызға маңызды дереккөз бола алады. Мектеп жасына дейінгі балалардың рөлдік ойындарында көрінетін көшбасшылық қасиеттердің қалыптасуының психологиялық және әлеуметтік аспектілерін зерттеген А.В. Запорожец, Б.Д. Парыгин, Л.С. Выготский сынды ғалымдардың еңбектері де назарға алынды.

Л.С. Выготскийдің пікірінше, ойын – мектеп жасына дейінгі балалардың ішкі психологиялық үдерістерінің сыртқы әрекеттер арқылы көрінетін ерекше құралы. Ойын баланың ерік-жігерін, мотивациясын қалыптастыруда ерекше рөл атқарады. Рөлдік ойындар барысында бала өзін ересектермен сәйкестендіріп, олардың функцияларын, қарым-қатынастарын өз ойынан қайта құра отырып, жаңа жағдайларды жан-жақты бейнелейді. Белгілі ғалымдардың (Р.И. Жуковская, А.А. Люблинская, А.П. Усова, Д.Б. Эльконин) зерттеулері көрсеткендей, рөлдік ойын барысында бала жауапкершілік сезімін дамытып, қабылдаған рөлін орындау арқылы мінез-құлықтың ерікті қасиеттерін жетілдіреді.

Отандық зерттеушілердің, атап айтқанда, Б.О. Арзанбаева, Н.Ж. Баримбеков, Т. Иманбеков, Г.М. Касымова, У.Т. Толенова еңбектерінде ойын әрекетінің түрлі аспектілері қамтылған. Бұл зерттеулердің нәтижелері біздің жұмысымызға қызығушылық туғызды.

Көшбасшылық қасиеттер мектеп жасына дейінгі кезеңнен бастап байқалады. Олар балалардың тұлғалық дамуы мен өмірлік ұстанымдарын қалыптастыруда шешуші рөл атқарады. Көшбасшылыққа ұмтылу – баланың әлеуетін сезініп, айналасындағы адамдардан артық болуға деген талпынысынан көрініс табады.

Көшбасшылық құбылысы мен көшбасшының қасиеттері мектеп жасына дейінгі балалардың тұлғалық дамуының маңызды аспектілерінің бірі болып табылады. Бұл кезеңде балалардың ұйымдастырушылық қабілеттері мен көшбасшылыққа ұмтылу қасиеттері айқын байқалады және оларды дамыту болашақ өмірдегі жетістіктердің негізі бола алады.

Көшбасшы – бұл топтағы адамдардың мүмкіндіктері мен қасиеттерін тиімді пайдалана отырып, оларды ортақ мақсатқа жетелеуші тұлға. Ағылшын тілінен аударғанда *leader* – басқарушы, бағыттаушы мағынасын білдіреді. Көшбасшылық (ағылш. *leadership*) – басқалардың мінез-құлықтарын реттеу және оларға әсер ету қабілеті. Бұл қасиет баланың тұлғалық қалыптасуында маңызды рөл атқарады.

Мектепке дейінгі балалардың көшбасшылық қасиеттері әр түрлі ойындар мен топтық әрекеттер арқылы көрініс табады. Бұл кезеңде рөлдік ойындар ерекше маңызға ие, себебі бала өзін үлкендердің орнына қойып, олардың қарым-қатынастарын модельдейді. Л.С. Выготский атап өткендей, ойын

барысында баланың ішкі процестері сыртқы әрекетке айналады, бұл оның еркіндігі мен мотивациясын дамытуға ықпал етеді.

Зерттеуші Н.Ж. Баримбеков балалардың топ ішіндегі қарым-қатынастарын зерттей отырып, көшбасшылықтың қалыптасуына ерекше көңіл бөледі. Ол көшбасшы баланың өзге балаларға ықпалының ерекше екенін және оның басты қасиеті бастамашылдығында екенін көрсетеді. А.В. Запорожец көшбасшылықтың генезисін зерттей отырып, оның ойындардағы бастамадан кіші топты басқаруға дейінгі эволюциясын сипаттайды. Бұл жерде көшбасшының басты міндеті – топты біріктіру және оның тұрақтылығын қамтамасыз ету.

А.С. Макаренконың ұжым туралы ілімдері көшбасшылық қасиеттерді дамытуда маңызды әдістемелік негіз болып табылады. Ол ұжымдық әрекеттерді барлық мәселелерді шешудің негізгі құралы ретінде қарастырған. Балалар арасындағы көшбасшылық байланыстарды дамыту үшін келесі ұстанымдарды ескеру маңызды:

- Әр баланың әлеуетін анықтап, оны дамытуға жағдай жасау;
- Ұжымдық іс-әрекеттер барысында балалардың ынтымақтастығын арттыру;
- Ойындар мен жарыстар арқылы көшбасшылыққа деген қызығушылықты арттыру.

Мектепке дейінгі кезеңдегі көшбасшылық қасиеттерді дамыту баланың тұлғалық дамуының маңызды негізін қалайды. Бұл қасиеттер ойын және ұжымдық әрекеттер арқылы тәрбиеленіп, балаға болашақ өмірде табысты болуға ықпал етеді. Педагогтар мен психологтардың ғылыми зерттеулері балалардың көшбасшылық қабілеттерін дамытуға арналған әдістерді тиімді пайдалануға мүмкіндік береді.

А. С. Макаренко топтық қарым-қатынастардың тиімді болуы үшін, әрбір баланың көшбасшылық рөлін сынап көруі маңызды екенін айтты. Бұл тәсіл топтағы үйлесімділік пен жауапкершілік сезімін дамытуға мүмкіндік береді. Осылайша, балалардың өзара әрекеттесуі арқылы, олар бір-біріне ретімен бағынуды үйренеді. Педагог бұл үдерісті жетекші-бағынушы топтары арқылы жүзеге асырған.

Б.Д. Парыгин көшбасшылықты зерттей отырып, екі негізгі факторды атап көрсетеді: бірі — топтың мақсаттары, мүдделері және қажеттіліктері сияқты объективті жағдайларды қамтиды, ал екіншісі — балалардың жеке ерекшеліктері мен оларды ұйымдастырушы ретіндегі қабілеттерін қарастыратын субъективті фактор. Бұл көзқарас бойынша көшбасшы өздігінен қалыптасады, ол арнайы таңдалып қойылмайды. Топтағы жағдайға байланысты балалардың көшбасшылық рөлі таңдалады, бұл кезде олардың жеке қасиеттері мен құндылықтары да бір уақытта қабылданады.

Бүгінгі таңда мектеп жасына дейінгі балалар арасында көшбасшылық қасиеттердің байқалуы жиі кездеседі. Балалар арасындағы иерархия әртүрлі деңгейде көрініс табады: көшбасшыларды кейбір балалар қабылдайды, ал басқалары қабылдамайды. Мәртебесі жоғары балалардың психологиялық әсері күшті болады, ал төмен мәртебелі балаларға құрдастары қарама-қайшы көзқараспен қарайды. Әрбір баланың жеке қасиеттері де осы мәртебеге әсер

етеді: шешім қабылдау, жауапкершілік, тәуелсіздік, сондай-ақ, ізгілік, әділдік, көмек көрсету сияқты адамгершілік қасиеттердің маңызы зор.

Қ.Нығыметова көшбасшылық қасиеттердің қалыптасуында ықпал ететін бірнеше негізгі қасиеттерді атап көрсетеді, олар: ақыл-ой қабілеттері, өзін-өзі сенімді сезіну, шешім қабылдай білу, қайрат-жігердің жоғары болуы. Балалардың көшбасшылық қасиеттерін дамыту үшін түрлі әдістерді қолдануға болады, соның ішінде ойындарды да жатқызуға болады. Ойындар мектепке дейінгі балалардың әлеуметтік өмірінің ерекше формасы болып табылады, онда балалар өзара бірлесіп әрекет етіп, мәселені өздігінен шешудің түрлі тәсілдерін үйренеді.

Нәтижелер және талқылау

Педагогикалық-психологиялық әдебиеттерді зерттеу барысында көшбасшы балалардың жеке ерекшеліктері мен сипаттамалары айқындалды. Осы ерекшеліктерді топтастыру барысында әртүрлі типтегі көшбасшылар анықталды. Олар төмендегі топтарға бөлінеді:

1. Атқарушы. Бұл топтағы бала — топтың ең көрнекті өкілі. Ол тек өзінің міндеттерін ғана емес, сонымен қатар, басқа балалардың да барлығын дұрыс орындауын қадағалайды. Атқарушы бала ережелердің сақталуына ерекше мән береді. Мысалы, ойын барысында ол барлық ережелердің орындалуына жауапкершілік танытып, топты бақылап отырады. Ол өз жұмысына өте ұқыпты, бұл қасиеті оған басқаларды да тәртіпке келтіруге мүмкіндік береді. Бұл балаларға топтағы тыныштық пен үйлесімділікті сақтау маңызды.

2. Ұйымдастырушы. Ұйымдастырушы балалар өте тиімді жоспарлаушылар мен ұйымдастырушылар болып табылады. Олар басқа балаларға міндеттер мен рөлдер тағайындауда өте тапқыр. Ұйымдастырушы бала топтағы әрбір адамның орны мен атқаратын рөлін алдын-ала анықтап, барлық жағдайларды өз бақылауына алады. Мұндай балалар ойынға балаларды бірден тартуға қабілетті. Олар тіпті ең кіші балаларды да қызықты әрі әсерлі ойында өзара байланыс орнатуға шақыра алады. Ұйымдастырушы көшбасшы өзінің әлеуметтік және ұйымдастырушылық дағдылары арқасында топтың барлық мүшелерін бірге жұмылдыра алады.

3. Интеллектуал. Бұл бала шығармашылыққа бейім және көп нәрсені жаңа жолмен жасауға қызығады. Ойнау процесінде интеллектуал балалар ойын құралдарын, бейнелерді қолдануды ұнатады, олар түрлі дизайндар жасап, сурет салады, өз идеяларын іске асырады. Бұл балалар көбінесе топтық жұмыс кезінде басқаларды қызықтырып, оларға жаңа дүниелерді үйретуге тырысады. Олардың құштарлығы мен ойлау қабілеті оларды шығармашылық топтарда ерекше көшбасшы етеді. Интеллектуал көшбасшы өз идеяларын топ ішінде таратып, баланың шығармашылық қиялын ашады.

4. Сыншы. Сыншы балалар айналасындағы адамдар мен жағдайларға сын көзбен қарайды. Олар эмоцияларын ашық білдіріп, жағдайдың әділ бағасын береді. Сыншы бала топ ішінде болатын келіспеушіліктерді байқап, оларды шешуге тырысады. Егер басқа балалар арасында түсініспеушілік немесе дау-дамай орын алса, оларды ретке келтіру үшін өзінің пікірін білдіріп, бейбіт жолмен мәселені шешуге ұмтылады. Бұл балалар эмоциялық интеллектке ие

болып, басқа балалардың арасында әділеттілік пен теңдікті сақтау үшін өз күшін жұмсайды. Сыншы көшбасшы өз құндылықтарын сақтап, топты үйлесімділікте ұстай біледі.

Көшбасшылық стильдері. Зерттеу барысында көшбасшы балалардың әртүрлі көшбасшылық стильдері анықталды. Бұл стильдер олардың топтағы орнын және топқа әсер ету жолдарын көрсетеді.

Харизматик. Харизматик көшбасшылар — бұл өте мәнерлі мимика мен шешендікке ие балалар. Олар өздерінің ерекше харизмалары арқылы басқаларды тартады. Қарым-қатынаста олар өте көңілді, қызықты және достыққа толы. Басқа балалар оларды жақсы көріп, қолдауға тырысады. Харизматик көшбасшы өзінің айналасындағыларды әсерлі сөздері мен істерімен баурап алады. Олардың мақсаты — ұжымға жақсы көңіл-күй мен энергия сыйлау. Харизматик көшбасшыға басқа балалар бағынады, оларға еліктейді.

Демократ. Демократ көшбасшылары ұжымның көңіл-күйіне ерекше назар аударады. Олар топтағы әр адамның пікірін ескеріп, барлығын ортақ мақсатқа жұмылдырады. Демократ көшбасшысы қақтығыстар мен әлеуметтік бәсекелестіктерге араласып, оларды бейбіт жолмен шешуге тырысады. Сонымен қатар, ол өзін ешқашан маңыздылық сезімімен жоғалтпайды және топтағы барлық мәселеге алаңдаушылық білдіреді. Демократ көшбасшысы өзінің өкілеттігін басқа балалармен бөлісе отырып, олардың пікірін құрметтеп, бірлескен шешімдер қабылдайды.

Диктатор. Диктатор көшбасшысы тек өзінің пайдасына жұмыс істейтін, өз билігін жүргізуді ұнататын бала болып табылады. Мұндай балалар көп жағдайда қорыққан адам мені құрметтейді деген қағиданы ұстанады. Олар топта иерархия орнатуға тырысады, өздерінің шешімдерін жалғыз қабылдайды және барлық баланы сол шешімдерге бағындырады. Диктатор көшбасшысы құрдастарын бақылап, оларды белгілі бір міндеттерді орындауға мәжбүрлейді. Осылайша, олар топты өз қолында ұстайды, алайда бұл көбінесе балалардың арасында наразылық туғызады.

Анархист. Анархист көшбасшы — бұл топтағы ережелерді бұзушы және өз қалауы бойынша әрекет ететін бала. Олар ешкімді еш нәрсеге мәжбүрлемейді және барлығын еркіндікке шақырады. Анархист балалар ойынның ережелерін жиі бұзып, қалған балаларды да соған ынталандырады. Бұл балалардың басты мақсаты — әрқашан жаңашылдық, шығармашылық және көңілділік. Олар топтағы ережелер мен тәртіпті бұза отырып, өзіне ерекше назар аударады. Анархист көшбасшыларының әрекеттері жиі күтпеген нәтижелерге әкеледі, себебі олар тек процесті қызықтаумен шектеледі, ал әрекеттерінің салдарын ойламайды.

Көшбасшы балалар өз құрдастарын бақылап, олардың іс-әрекеттеріне әсер етуге тырысады. Олардың арасында ынтымақтастық, дербестік және кейде бәсекелестік қатынастар байқалады. Құрдастар көшбасшымен достық қарым-қатынастар орнатуға тырысады, оны өзіне үлгі тұтып, оған еліктейді. Сонымен қатар, балалар көшбасшыға қызғанышпен қарайды, себебі олар көшбасшының жетістіктеріне және басқа адамдармен қарым-қатынасына қызығады. Көшбасшының әрекеттері көбінесе оған деген құрмет пен

қызығушылықты арттырады. Көшбасшы бала өз әрекеттері арқылы айналасындағы балаларға әсер етіп, олардың мінез-құлқын қалыптастырады.

Осылайша, көшбасшылық қасиеттер мен стильдер балалардың әлеуметтік ортада өз орнын табуға және топтық іс-әрекеттерге әсер етуге үлкен ықпал етеді. Көшбасшы балалар топты басқаруға қабілетті, олар өздерінің жеке ерекшеліктері мен қасиеттері арқылы басқа балалардың мінез-құлқын бағыттайды, ортақ мақсаттарға жетуге жұмылдырады. Көшбасшылық дағдыларды дамыту мектеп жасына дейінгі кезеңде маңызды рөл атқарады, себебі бұл кезеңде баланың тұлғасы мен әлеуметтік өзара әрекеттесуі қалыптасады.

Мектепке дейінгі балалардың қарым-қатынас ережелері мен нормаларын үйреніп, оларды орындауға тырысуы баланың келешектегі әлеуметтік дағдыларына негіз салады. Әрбір бала айналасындағылармен қарым-қатынас кезінде өзін қалай ұстанса, оның болашақтағы қоғамдық өмірі де соған сәйкес болады. Өмір бойы адамдармен қарым-қатынас жасау қабілетінің дәрежесі баланың ішкі дүниесі мен сыртқы ортаға деген көзқарасымен тығыз байланысты.

Зерттеу барысында №132 бөбекжай балабақшасының ересек топ балалары қатыстырылды. Барлығы 30 бала қатысты, әрі қарай осы эксперименттің нәтижелері ұсынылды.

БТҚСБ әдістемесі (баланың тұлғааралық қатынастарын субъективті бағалау)

Лидерлік қасиеттерді анықтау мақсатында Қоян мен қасқыр ойыны өткізілді. Бұл ойында балалар жылдамдық пен реакцияны дамыту арқылы көшбасшылық қасиеттерін көрсетеді. Көшбасшылыққа ұмтылатын балалар басқа балаларға қарағанда тез тұрып, белсенділік танытады.

Қазынаға саяхат квес-ойыны

Бұл ойын балалардың назарын, ойлау жылдамдығын, ұшқырлығын дамытуға арналған. Ойын барысында балалар логикалық ойлау, салыстыру, қорытындыларды дұрыс тұжырымдау дағдыларын жетілдіреді. Сонымен қатар, көшбасшылық қасиеттерді көрсету және командалық жұмыс істеу қабілеттерін қалыптастырады.

Балалар қабілеттерінің экс-пресс диагностикасы

Балалардың геометриялық фигураларды таңдау арқылы логикалық ойлау дағдыларын бағалау жүргізілді. Балалардың фигураларды дұрыс таңдау қабілеті олардың көшбасшылық қасиеттерін қалыптастыруға ықпал етеді.

Осылайша, зерттеу нәтижелері мектеп жасына дейінгі балалардың көшбасшылық қасиеттерінің дамуына қажетті жағдайларды айқындап, оларды қалыптастыру үшін арнайы әдістемелер мен ойындар қолданудың маңыздылығын көрсетеді.

Зерттеудің нәтижелері бойынша балалардың танымдық және әлеуметтік ерекшеліктеріне байланысты бірнеше топтар анықталды. Әр топтың өзіне тән қасиеттері мен мінез-құлық сипаттамалары келесідей:

1. Төртбұрыш. Бұл типтегі балалардың математикалық қабілеттері жоғары болады. Олар ақпаратты қабылдағанда саналар мен фактілерге назар аударады, нақты нәтижеге келу үшін логикалық ойлау мен дәйекті әрекеттерге

негізделген шешім қабылдайды. Күшті жақтары – еңбекқорлық, ынта және ұқыптылық. Мұндай балалар үшін ең маңыздысы — есептеулер мен дәйекті әрекеттер.

2. Үшбұрыш. Көшбасшылық қасиеттері айқын байқалады. Бұл балалар өздеріне сенімді, жылдам шешім қабылдайды, бірақ шыдамсыз. Олардың басты мақсаты — жоғары мәртебеге жету, басқалардан жақсы болу. Олар мәселенің мәнін тез түсініп, жігерлі әрі тапқыр болады. Сахна өнері, шешендік пен тіл білімінде жақсы қабілеттері бар.

3. Шеңбер. Мұндай балалар үшін мейірімділік пен эмоциялық қолдау маңызды. Олар айналасындағы адамдардан сенім мен қолдау күтеді. Эмпатиясы жоғары, коммуникациялық дағдылары дамыған, көп жағдайда басқаларға көмек көрсетуге тырысады.

4. Тік төртбұрыш. Бұл типтегі балалар ізденіс пен өзін-өзі анықтау кезеңінде болады. Олар қай жағдай да тиімді таңдау жасауға тырысады, бірақ көбінесе ішкі проблемалар мен дағдарыстар кезінде шатасып, дұрыс шешім қабылдауда қиындық көреді.

5. Ирек сызық. Шығармашылық қабілеттері жоғары, бай қиялы мен арманшылдығымен ерекшеленеді. Олар бейнелеу өнері, музыка және поэзия сияқты шығармашылық салада қабілетті, әрі өз әлемінде, оңашалықта болуды ұнатады.

Вербальды таңдау әдістемесінің нәтижелері бойынша балалар әлеуметтік мәртебесіне байланысты үш топқа бөлінді:

1. Жұлдыздар тобы. Бұл топтағы балалар өте танымал, белсенді және көпшіл. Олар көшбасшылық қасиеттерін көрсетеді, бірақ құрдастарына жету оңай емес.

2. Таңдаулы тобы. Бұл балалар сабырлы, көпшіл, көңілді және достық қарым-қатынасты оңай орната алады. Олар ең жақын дос бола алады, өйткені оларды құрдастары жиі іздейді.

3. Үшінші топ. Бұл топтағы балалар құрдастарымен қарым-қатынас орнатуда қиындықтарға ұшырайды, командалықта бейімделуі қиын, және жиі жалғыз ойнайды. Олардың мінезі тұйық, олар негізінен үнсіз болады.

Зерттеу нәтижелері балалардың әлеуметтік қарым-қатынастарын, көшбасшылық қасиеттерін және тұлғалық ерекшеліктерін айқындауға мүмкіндік берді. Әрбір бала өз қабілеттеріне сәйкес топқа жатады және осы қасиеттердің барлығы оның болашақтағы дамуына әсер етеді.

Кесте 1- №132 бөбекжай балабақшасында мектеп жасына дейінгі балаларды статус топтары бойынша бөлу

| | Балалар саны | % |
|----------------------------------------------|--------------|-----|
| I топ (жұлдыздар) | 6 | 20% |
| II топ (қалаулылар) | 20 | 67% |
| III топ (сайланғандар және қабылданбағандар) | 4 | 13% |

Эксперименттің бастау кезеңінде балалардың шығармашылық қабілеттері мен көшбасшылық қасиеттерін дамыту мақсатында жүргізілген

ойындар балалардың өзара әрекеттесуі мен қиялдарының дамуына ықпал етті. Мысалы, Тыйым салынған қозғалыс ойынының күрделене түсуі, балалардың жетекші рөлдерге енуі және өздерінің қимылдарын көрсетуі оларды шығармашылық тұрғыда дамытты. Ойынды балалар өздері ойлап тауып, қосымша құрал-жабдықтарды пайдалана отырып, жаңа формалар мен идеяларды енгізді. Бұл жағдай баланың өз ойларын және сезімдерін жеткізу үшін импромту, яғни, импровизация жасай алатын қабілеттерін айқын көрсетеді.

Эксперимент барысында балалардың көшбасшылық қасиеттері анық байқалды. Ойын барысында балалар тек өздері үшін ғана ойнамай, өздерінің арман-мұраттарын, мақсаттарын көрсету арқылы топты басқаруға тырысты. Сонымен қатар, олар актерлік рөлдер мен басқа да шығармашылық жұмыстарға қатыса отырып, бір уақытта бірнеше міндетті орындауға үйренді.

Ақсерек пен көксерек ұлттық ойыны, қазақ халқының дәстүрлеріне негізделген, балалардың әлеуметтік бейімделуін, көшбасшылық қасиеттерін дамытуда маңызды рөл атқарды. Ойында балалар бір-біріне қимылдарды көрсетіп, әртүрлі міндеттерді орындауға тырысып, жеңіске деген құштарлықты білдірді. Мұндай ойындар балалардың қайсарлығын, табандылығын және әділ шешім қабылдау қабілеттерін дамытуға ықпал етеді. Тәрбиеші бұл процесте балалардың әртүрлі дағдыларын көруге және қолдауға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, мектеп жасына дейінгі балалардың көшбасшылық қасиеттерін дамытуға арналған ойындардың бірнеше түрі атап өтілді:

1. Әлеуметтік бейімделген ойындар – балаларды даралықты, шығармашылықты және көшбасшылық қасиеттерін көрсетуге мүмкіндік береді. Бұл ойындар тәрбиешіге әр баланың топтағы рөлін көруге көмектеседі.

2. Командалық ойындар – балаларды топта жұмыс істеуге, көшбасшының айналасына топтасуға үйретеді.

3. Кешенді ойындар – жеке шешім қабылдау дағдыларын, еріктік қасиеттерді және жауапкершілікті дамытуға көмектеседі.

4. Шығармашылық қабілеттерді дамыту ойындары – балалардың психоэмоционалдық стрессті жеңуге, қарым-қатынас дағдыларын жақсартуға және өзін-өзі бағалауды арттыруға мүмкіндік береді.

Бұл ойындар балалардың шығармашылық тұрғыда дамуына, көшбасшылық қасиеттерін нығайтуға және әлеуметтік қарым-қатынастарын жетілдіруге көмектеседі.

Бұл зерттеуде балалардың көшбасшылық қасиеттерін дамыту мақсатында түрлі ойындар мен жаттығуларды қолдану арқылы олардың шығармашылық әлеуеті мен топтық жұмысқа деген қабілеттері арттырылды. Ойындар балаларға ұжымда жұмыс істеу, бірлесіп шешім қабылдау, өзара әрекеттесу, сондай-ақ көшбасшылық дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Әр ойынның барысында балалар өздеріне жауапты рөлдер мен жетекшілік функцияларды алып, осы арқылы ұйымдастырушылық қабілеттерін дамытады. Мысалы, ойындар барысында балалар топтың көңіл-күйін, пікірін ескеріп, келісім жасау дағдыларын игереді.

Шығармашылық ұжымдық ойындардың маңызы зор, өйткені олар баланың әлеуметтік дағдыларын, эмоциялық тұрғыда өз-өзін таныту қабілеттерін дамытады. Ойындардағы моральдық қасиеттер мен мінез-құлық дағдылары балалардың өміріндегі нақты жағдайларға әсер етіп, өзара қарым-қатынастарда бейімделуді жеңілдетеді. Бұл кезеңдегі ойындар балаларды психологиялық тұрғыдан дайындап, олардың әлеуметтік дамуына үлес қосады.

Ойындардың ауқымы кең және олар балалардың танымдық дамуына ықпал етеді. Әсіресе, шығармашылық қабілеттер мен көшбасшылық қасиеттердің дамуы ойынның маңызды аспектілері болып табылады. Балалар өздерінің идеяларын жүзеге асырып, еркін ойлау мен икемділік дағдыларын қалыптастырады.


Ойындардың нәтижелері бойынша балалардың көшбасшылық қасиеттері мен топтық жұмысқа деген көзқарастары өзгерді. Эксперимент барысында SOMOR әдісі арқылы балалардың көшбасшылық қабілеттері және шығармашылық даралығы айқындалды. Әр шағын топтың өз ойын ережелерін ойлап табуы және бұл ережелерді ұжымда қабылдауы балалардың шығармашылық әлеуетін дамытты. Эксперимент нәтижесінде балалардың 35%-ы көшбасшылық қасиеттерін байқата бастады, бұл олардың жеке тұлғалық дамуына және ойынға деген қызығушылықтарын арттыруға әсер етті.

Жалпы, көшбасшылық қасиеттерді дамытуда ойынның рөлі үлкен. Ойындар арқылы балалар өздерін еркін білдіруге, топты басқаруға, шығармашылық шешімдер қабылдауға және әртүрлі жағдайларға икемді жауап беруге үйренеді.

Кесте 2- Мектеп жасына дейінгі балалардың өзара қарым-қатынастарын дамытудың жиынтық кестесі (анықтау және бақылау кезеңі)

| Көрсеткіштер | Қарым-қатынас жасауға деген ұмтылыс | | Көшбасшылыққа ұмтылу | | Қақтығыстар, агрессивтілік | | Жалғыздықты қалау | |
|--------------|-------------------------------------|-------|----------------------|-------|----------------------------|-------|-------------------|-------|
| | Бастапқы | Соңғы | Бастапқы | Соңғы | Бастапқы | Соңғы | Бастапқы | Соңғы |
| Зерттеу тобы | 30 | 48 | 16 | 29 | 27 | 10 | 27 | 13 |

Диаграмма бойынша осы диагностиканың өзгеру динамикасын қарастырайық:



4 Сурет Мектеп жасына дейінгі балалардың өзара қарым-қатынастарын дамытудың жиынтық диаграммасы (анықтау және бақылау кезеңі).

Эксперимент барысында алынған мәліметтер балалардың көшбасшылық қасиеттерінің айтарлықтай жақсарғанын көрсетеді. Әдептілік көрсеткіші 30%-дан 48%-ға дейін өскенін байқап, бұл балалардың қарым-қатынас дағдыларының дамығанын және коммуникативтік қабілеттерінің артқанын дәлелдейді. Осыған орай балалардың өз бетінше ұмтылушылығы да 29%-ға өсті, бұл олардың белсенділігі мен өз-өзіне деген сенімінің артқанын көрсетеді.

Эксперимент нәтижесінде балалар арасында жалғыздық пен топтан оқшаулану 13%-ға төмендеді, бұл балалардың топтық жұмыстарға және қарым-қатынасқа көбірек тартылғанын білдіреді. Агрессивтілік, жанжал, менмендік сияқты теріс мінез-құлықтардың да 10%-ға төмендеуі байқалды, бұл олардың әлеуметтік дағдылары мен өзара сыйластықты үйренуінде маңызды рөл атқарғанын көрсетеді.

Осылайша, эксперименттің қорытындысы балалардың көшбасшылық қасиеттерінің дамуының оң нәтижелерін көрсетті. Көшбасшылық дағдыларын дамытуға бағытталған әдістемелік жұмыстардың тиімділігі байқалады, өйткені бақылау кезеңіндегі көрсеткіштер эксперименттің бастапқы кезеңіндегі көрсеткіштерден айтарлықтай жоғары болды.

Қорытынды

Бұл зерттеулер балабақшадағы арнайы ұйымдастырылған іс-әрекеттер мен ойындар арқылы көшбасшылық қасиеттерді дамытуға мүмкіндік беретін тиімділікті дәлелдейді.

Диагностикалық нәтижелер қимылды ойындар мен арнайы сабақтар кешенінің балалардың көшбасшылық қасиеттерін қалыптастыруға елеулі ықпал ететінін көрсетеді. Зерттеу барысында қолданылған әдістер арқылы балалардың көшбасшылық қасиеттері мен дағдылары айқындалып, даму деңгейі анықталды.

Лидерлік қасиеттердің ұйымдастырушылық қабілеттері, әдептілік, шығармашылық, топты басқару мүмкіндігі деңгейлері айтарлықтай өзгерді. Эксперимент нәтижесі көрсеткендей, қимылды ойындар мен арнайы ұйымдастырылған іс-әрекет кешендері кіші мектеп жасына дейінгі балалардың лидерлік қасиеттерін қалыптастыруда тиімді құрал болып табылады. Бұл әдіс балалардың әлеуметтік дағдыларын, көшбасшылық қабілеттерін және топтық жұмыс дағдыларын дамытуда маңызды рөл атқарады.

ӘДЕБИЕТ

[1] Сағатова Ә.С., Сарсенбеков Н.Ж. С14 Философия: Оқу құралы / Ә.С. Сағатова, Н.Ж.Сарсенбеков. - ЖШС Лантар Трейд, 2020.-138 б.

[2] Леонтьев А.Н., Деятельность. Сознание. Личность: учебное пособие/А.Н.Леонтьев. – 2-е издание, стереотипное.- Москва: Смысл: Академия, 2005. – 352 с.

[3] Детская психология: учеб. для студ.высш. пед. учеб. заведений, обучающихся по специальности Дошкольная педагогика и психология / Е.О. Смирнова. — М.: Гуманитар. изд. центр ВЛАДОС, 2009. — 366с.

[4] Баримбеков Н.Ж.. Психолого-педагогические основы формирования общения детей старшего дошкольного возраста в подвижных играх. Канд. дисс. пед. наук. Алма-Ата, 1998.

[5] Запорожец А.В. Проблемы дошкольной игры и руководство ею в воспитательных целях. //Игра и ее роль в развитии ребенка дошкольного возраста. М.: Просвещение, 1998. С. 3-7.

[6] Балтабаев М. Х. Қазақтың тәлімдік ойлар антологиясы: 10 томдық. Т. 6: Ұлттық тәлім-тәрбиелік ғылымдардың дамып, қалыптасу тарихынан (1920-2000 жылдар). – Алматы, 2009. 374 б.

[7] Парыгин Б.Д. Социальная психология. Проблемы методологии, истории и теории. — СПб.: ИГУП, 1999. — 592 с.

[8] Дүйсенова, Ж.Қ. Балалар психологиясы: оқулық / Ж.Қ. Дүйсенова, Қ.Н. Нығыметова; ҚР Білім және ғылым министрлігі.- Алматы: Нур-Принт, 2015.- 333 б.

[9] Люблинская А.А. Детская психология. – М., 1997, с.206-295.

[10] Алифанов, С.А. Основные направления анализа лидерства // Вопросы психологии : Научный журнал Академии педагогических наук СССР :Педагогика, 1999

REFERENCES

[1] Saġatova Á.S., Sarsenbekov N.J. S14 Filosofıa: Oqú kurachy (Philosophy: Textbook)/ Á.S. Saġatova, N.J.Sarsenbekov. - JShS Lantar Treid, 2020.-138 b.

[2] Leontev A.N., Deiatelnost. Sozname. Lichnost: ýchebnoe posobie(Activity. Consciousness. Personality: textbook)/A.N.Leontev. – 2-e izdanie, stereotipnoe.- Moskva: Smysl: Akademiya, 2005. – 352 s.

[3] Detskaia psihologıa: ýcheb. dlia stýd.vyssh. ped. ýcheb. zavedeniı, obýchaiýıhsia po spetsialnosti Doshkolnaia pedagogıka i psihologıa (Children's psychology: textbook. for study ped. study Preschool pedagogy and psychology)/ E.O. Smirnova. — M.: Gýmanitar. izd. tsentr VLADOS, 2009. — 366s.

[4] Barimbekov N.J.. Psihologo-pedagogicheskie osnovy formirovaniia obeniia detei starshego doshkolnogo vozrasta v podvijnyh igrakh. Kand. diss. ped. naýk.(Psychological-pedagogical foundations of communication formation in children of senior preschool age in mobile games. Kand. diss. ped. science) Alma-Ata, 1998.

[5] Zaporozjets A.V. Problemy doshkolnoi igry i rýkovodstvo eiy v vospitatelnyh tseliah. (The problem of preschool play and its management for educational purposes)//Igra i ee rol v razvitiu rebenka doshkolnogo vozrasta. M.: Prosveenie, 1998. S. 3-7.

[6] Baltabaev M. H. Qazaqtyń tálimdik oılar antologıasy(An anthology of Kazakh educational ideas) 10 tomdyq. T. 6: Ultyq tálim-tárbielik gylymdardyń damyp, qalyptasý tarihynan (1920-2000 jyldar). – Almaty, 2009. 374 b.

[7] Parygin B.D. Sotsialnaia psihologıia. Problemy metodologii, istorii i teorii.(Social psychology. The problem of methodology, history and theory) — SPb.: IGÝP, 1999. — 592 s.

[8] Dúsenova, J.Q. Balalar psihologıasy: oqýlyq (Child psychology: textbook)/ J.Q. Dúsenova, Q.N. Nygymetova; QR Bilim jáne gylym ministrliги.- Almaty: Nyr-Print, 2015.- 333 b.

[9] Lıyblınskaia A.A. Detskaia psihologıia.(Child psychology) – M., 1997, s.206-295.

[10] Alıfanov, S.A. Osnovnye napravleniia analiza liderstva (The main directions of leadership analysis)// Voprosy psihologii : Naýchnyi jýrnal Akademii pedagogicheskıh naýk SSSR :Pedagogika, 1999

ФОРМИРОВАНИЕ ЛИДЕРСКИХ КАЧЕСТВ ДОШКОЛЬНИКОВ ПОСРЕДСТВОМ ГЕЙМИФИКАЦИИ

*Метербаева К. М.¹

¹КазНацЖенПУ, Алматы, Казахстан

Аннотация. В данной статье рассматривается роль геймификации в воспитании и развитии детей дошкольного возраста.

В результате теоретического анализа показано, что преимущество геймификации состоит в том, что она позволяет сделать скучные и монотонные задания веселыми и увлекательными. Главная идея геймификации в дошкольном образовании заключается в том, что образовательный процесс может быть более эффективным, если он основан на принципах и механиках игры, например, системах заданий и наград, символов прогресса, таких как баллы и достижения, что особенно важно для детей дошкольного возраста.

Геймификация призвана воспитывать лидерство среди современной молодежи, готовой руководить процессами взаимоотношений в обществе, обеспечивающими дальнейшее развитие нашего государства в соответствии с современными требованиями.

Ряд документов, принятых на государственном уровне, свидетельствуют о признании значимости лидерских качеств молодого поколения. Так, в государственной программе развития образования и науки Республики Казахстан на 2022-2026 годы говорится о необходимости подготовки активной молодежи, обладающей организаторскими способностями и лидерскими качествами. Дошкольный возраст-это синтетивный период развития лидерских качеств личности. Именно на этом этапе развития ребенка закладывается основа будущей личности, формируется интерес к различным видам деятельности, развиваются различные отношения к окружающим людям и к себе. Феномен лидерства привлекает внимание социологов, психологов, политологов своей особой значимостью для современного общества.

В статье проводится теоретический анализ понятий лидер, лидерство, дифференцируются педагогические условия развития лидерских качеств. Выделяются и описываются личностные особенности лидеров, которые сгруппированы как исполнительские, организаторские, интеллектуальные, критические. Исследуются характерные признаки и стили лидерства: харизматик, демократ, диктатор, анархист и др.

Автором выявлены возможности формирования лидерских качеств у детей и уровни развития социально-эмоциональных и творческих навыков.

В ходе исследования определена актуальность геймификации в развитии активной личности подрастающего малыша, формировании его лидерских качеств. Исследовательская работа проводилась в старшей группе дошкольной организации. В исследовании приняли участие 30 детей. В результате исследования выявлен и проанализирован уровень формирования и развития лидерских качеств детей в процессе геймификации.

Лидерские качества, формируемые у ребенка при помощи геймификации: организаторские способности, самостоятельность, ответственность, коллективная и командная работа и т.д. Показаны возможности использования различных видов геймификации: ролевые, квестовые, жестовые и других в учебном и игровых процессах дошкольной организации и проанализирован результат.

Ключевые слова: лидер, лидерство, лидерские качества, феномен лидерства, геймификация, деятельность по геймификации, метод геймификации, дошкольная организация

FORMATION OF LEADERSHIP QUALITIES OF PRESCHOOLERS THROUGH GAMIFICATION

*Meterbayeva K. M.¹

^{*1}Kazakh National Women's teacher training University, Almaty, Kazakhstan

Abstract. This article examines the role of gamification in the upbringing and development of preschool children.

As a result of the theoretical analysis, it is shown that the advantage of gamification is that it allows you to make boring and monotonous tasks fun and exciting. The main idea of gamification in preschool education is that the educational process can be more effective if it is based on the principles and mechanics of the game, for example, systems of tasks and rewards, symbols of progress such as points and achievements, which is especially important for preschool children.

Gamification is designed to foster leadership among modern youth who are ready to lead the processes of relationships in society, ensuring the further development of our state in accordance with modern requirements.

A number of documents adopted at the state level testify to the recognition of the importance of the leadership qualities of the younger generation. Thus, the state program for the development of education and science of the Republic of Kazakhstan for 2022-2026 states the need to train active youth with organizational skills and leadership qualities. Preschool age is a syncretic period of personal leadership development. It is at this stage of the child's development that the foundation of a future personality is laid, interest in various types of activities is formed, various attitudes towards other people and towards oneself develop. The phenomenon of leadership attracts the attention of sociologists, psychologists, and political scientists for its special significance for modern society.

The article provides a theoretical analysis of the concepts of leadership, leadership, differentiates the pedagogical conditions for the development of leadership qualities. The personal characteristics of leaders are highlighted and described, which are grouped as executive, organizational, intellectual, and critical. The characteristic features and leadership styles are investigated: charismatic, democrat, dictator, anarchist, etc.

The author identifies the possibilities of forming leadership qualities in children and the levels of development of socio-emotional and creative skills.

The study determined the relevance of gamification in the development of an active personality of a growing child, the formation of his leadership qualities. The research work was carried out in the senior group of the preschool organization. The study involved 30 children. As a result of the study, the level of formation and development of children's leadership qualities in the process of gamification was identified and analyzed.

Leadership qualities formed in a child through gamification: organizational skills, independence, responsibility, teamwork, etc. The possibilities of using various types of

gamification are shown: role-playing, quest, gesture and others in the educational and gaming processes of a preschool organization and the result is analyzed.

Key words: leader, leadership, leadership qualities, leadership phenomenon, gamification, gamification activity, gamification method, preschool organization

Мақала түсті: 12 тамыз 2024